Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

24 мамыр сейсенбі
№41 (1846)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТОЛҒАМ

БАҚ-тың «бағы» еселене ме?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басындағы Қазақстан халқына Жолдауы көптің көңілінен шықты. Елдегі саяси реформаларға арналған бұл Жолдауда бірқатар саяси өзгерістер енгізуді жоспарлағанын ашып айтты. Бұл Жолдауда ұзақ уақыт назардан тыс қалған журналистер қауымы көптен күткен жаңалықты қуана қабылдап, «БАҚ-тың «бағы» еселенеді» деген үміт артқаны анық. Президент өз сөзінде бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қайта қарау керектігін алға тартты.

«Отандық БАҚ-тың ел өңірлерінде және әлем болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты. Мемлекет ашық ақпарат кеңістігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. БАҚ өзекті мәселелерді көтере алады және көтеруі керек, бірақ мұны үлкен азаматтық жауапкершілікпен жасау керек. Сырттан тапсырыс бойынша емес, көлеңкелі төлемақы үшін немесе саяси топтар үшін жұмыс істемеуі керек. БАҚ өкілдері өз елі мен оның азаматтары үшін шын жүректен алаңдауы керек», – деді мемлекет басшысы.

Президент БАҚ-тың төртінші билік екенін де еске салды.

«Осы орайда тілшілер қауымына арнайы жүгінемін. Одан арғы демократиялық өзгерістер тәуелсіз және жауапты бұқаралық ақпарат құралдарынсыз мүмкін емес деп санаймын. Сондықтан мемлекеттің мүддесі мен қоғамның сұраныстарын және медиа саланың даму тенденцияларын ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау қажет», – деді ол.

Шынтуайтында, қоғамдағы мәселелерді ашып жазуға, өзекті мәселелерді көтеруге кейде журналистер қауымының тісі бата бермейтіні жасырын емес. Қамшының екі ұшы бар демекші, жазылар дүние қызметіне әсер ете ме деген ой болатыны рас. Кейде қолындағы билікті асыра сілтейтін басшылар да журналистерге шындықты жазуға кедергі келтіреді. Одан бөлек таныс-тамырдың өтініші де қоғамдағы өзекті, проблемалық мәселелерді қаузауға кедергі келтіретіні анық. Әлеуметтік желі атты теңізде кемесінің желкенін «тік» ұстап жүрген блогерлер де қаламгерер қауымын аттап өткісі келетін жайттар аз емес. БАҚ-тан гөрі блогерлермен жұмыс істейтін басшыларды да жоққа шығара алмаймыз. Міне, осы секілді кейбір кемшіліктер Президент бастамасынан кейін өзгереді деп сенеді БАҚ өкілдері.

Мәселен, Қазақстанның Құрметті журналисі Айткүл Шалғынбаева заң жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттігін, еркіндігін қамтамасыз ететін заң нормасын қабылдау керек деп есептейді.

«Президент Тоқаев биылғы Жолдауында көрсеткендей, БАҚ-тың бәсекеге қабілеттігін, еркіндігін қамтамасыз ететін заң нормасын қабылдауы керек. Әйтпесе, бәрі бекер. Жаңа Қазақстанды құрамыз десек, Қазақстанның БАҚ саласы да бұрынғыдай болмауы керек. Еркіндік болмай, бәсекеге қабілетті болуы мүмкін емес.

Біздегі бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тапсырысқа байланған. Тіпті тәуелсіз басылымдардың өзі сол қаржыны алуға мүдделі. Неге бізде Джозеф Пулицерлер жоқ? Жұмыссыз жүрген Пулицер газет ашып, қалай медиамагнатқа айналды? Әрине, газет беттерінде қалың көпшілік оқитын тартымды да қызықты мақалалардан бөлек, Пулицер жемқорларды әшкереледі, мемлекет қаржысына қол сұққандарға күйрете соққы берді. Бізде де ондай шындықты айтатын газеттер бар. Бірақ олар сыртқы күштермен қаржыландырылатын басылымдар. Сонда да олардың таралымы миллиондап өскенін көрмедік. Ол қазақы менталитетке де байланысты болуы мүмкін. Демек Пулицердің тағы бір «фишкасы» болды. Талантты басқарушы өз газеттеріне оқырмандарды шытырман оқиғалы комикс суреттер сериясын үзбей жариялау арқылы да тартты. Демек газеттерге шындық пен оқиғалы шығарма, динамикалық ақпараттар қажет», – дейді ақпарат саласының үздігі.

2 БЕТТЕ

АҚЖОЛТАЙ!

ЖӘНІБЕКТІҢ ЖЕҢІСІ

Осыдан тура екі күн бұрын АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында қазақ боксшысы Жәнібек Әлімханұлы британиялық былғары қолғап шебері Дэнни Дигнуммен жұдырық түйістірді. Кештің басты жекпе-жегі болған кездесу отандасымыздың пайдасына шешіліп, «Qazaq style» «уақытша» әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Көрермендер бұл сәтті ұзақ күтті. Алайда WBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы «уақытша» әлем чемпионы атағы сарапқа салынған бұл бокс кеші ұзаққа созылмады. Бірінші раунд басталғаннан-ақ Жәнібек қарсыласын төмпештеуге көшті. Рингтің әр бұрышында қыспаққа алынған Дэнни ауыр соққыдан мүлдем бас көтере алмады. Қарсылық көрсетем деп бір рет нокдаунға түсті. Дегенмен намысқа тырысты ма, төреші онға дейін санағанша есін жиып, түрегеп кетті. Қаншама шетелдік мықтылармен сайысқа түссе де, қарым-қабілетінің қазақ стиліне жетпейтінін ол ұсы тұста көрсетіп қойды. Өзі жекпе-жекте қарсыласыңа әлсіз тұсынды көрсетіп қойсаң, сол жерден соққа бере-беретін спорттың жазылмай қалған заңы бар. Жәнібек соны тиімді пайдаланып, екінші раундта Дугнумды бұрышқа тақап алып әбден сабады. Ең соңында жақтың астынан сылқ еткізіп апперкот жасап, сұлатып түсірді. «Сұлаған жаудай жебеден» деген осы шығар. Нокаут. Іс тынды.

Бұл – Жәнібектің 12 жекпе-жектегі 12-ші жеңісі. «Qazaq style» кәсіпқой рингтегі 12 жекпе-жегінің сегізін нокаутпен жеңсе, қалған төртеуін төрешілердің оң шешімінің нәтижесінде жеңген. Ол енді 180 күн ішінде WBO тұжырымы бойынша «толыққанды» чемпион атағы үшін американдық Деметриус Андрадемен жұдырықтасуы тиіс.

Қазақ боксшысы оған әрдайым дайын екенін мәлімдеп, чемпионды жекпе-жекке шақырып келеді. Сарапшылар бұл кездесуді ұйымдастыру қиындау деп жүр. Оның себебі ретінде қазақ боксшысының тым қауіпті қарсылас екені, онымен жұдырықтасу коммерциялық тұрғыда тиімсіз екені айтылады. Егер Деметриус Андраде Жәнібек Әлімханұлымен кездесуден бас тартса, толыққанды чемпиондық титул қазақ боксшысына жекпе-жексіз беріледі.

К.АҚТАН

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Бүгінде қалада кәсіпкерлік саласы кеңейіп келеді. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін мемлекеттен көрсетілетін қолдау көп. Жеңілдетілген несие алып, кәсібін жандандырғандар да жетерлік.

Қызылордадағы «Далатекс» ЖШС қазақстандық нарыққа отандық өнімді шығарып отырған компания. Отандық киім тігуді қолға алған компания қазіргі уақытта өз өнімін шет елдерге экспорттауда. Сыр өңірінің даңқын асқақтатып жүрген тігін фабрикасының өнімдеріне деген сұраныс күннен-күнге артуда. Осы уақытқа дейін ерлер жейдесін шығарып, танымал болған «Далатекс» компаниясы жаңа өнімдерді тігуді қолға алған. Біз осы мекемеге бас сұғып, жұмыстарымен танысуды жөн көрдік.

Фабрика іші қызу тірлік. Тігін машинасының сырт-сырт еткен үні ғана естіледі. Тігіншілер басын көтерместен өз істерін жасап отыр. Олар өз істеріне мұқият болуы керек, әйтпесе тігісі қисық кетуі де мүмкін. Өз істерін жақсы көретіндері сыртынан байқалып тұр, жұмыстарын зор ынтамен жасауда. Бізді «Далатекс» компаниясының атқарушы директоры Нұргүл Кусаева құшақ жая қарсы алды. Әрі қарай жұмыс барысы жөнінде әңгіме өрбіді.

– Компания директоры Ділмұхамед Абызов өзі кәсіпкерлікпен айналыса жүріп отандық өнімді шығаруға қызыққан. Зерттеп, зерделеп «өзге елдер біздің отандық өнімге қызықса екен» деген арманын іс асыруды қолға алады. Соның нәтижесінде ең алғаш ерлер жейдесі нарыққа шықты. Сапасы және үлгісі халыққа ұнады. Біздің фабрикадан шығатын ерлер жейдесі қазір нарықта жоғары бағаға ие. Қазақстандықтар мен өзге елдерден жергілікті өнімге деген сұраныс бар. Сондықтан да біз мұнымен тоқтап қалмауды жөн көрдік. Басқа да киім түрлерін тігіп, отандық өнімді көбейтуді мақсат еттік. Ерлер жейдесінен бастап, ҚР гвардиясына әскери киім, өндірістік секторға арналған арнайы киімдерді тапсырыспен тігеміз. Мемлекеттік сатып алу арқылы тендерге қатысамыз. Бір күнде фабрикадан 500-700-ге дейін ерлер жейдесі, ал арнайы киімдерден 200-300 дана тігіледі. Мақсатқа жете білу жолында ерінбей жұмыс істеу керек, – дейді ол.

2 БЕТТЕ

ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА

ӘКІМ ЕСЕБІНЕН

Бүгінгі күні қазақстандықтардың сеніммен және үлкен үмітпен күтіп жүрген бастамасы – «Жаңа Қазақстан». Еліміздің саяси бағдарын өзгертіп, халық игілігі үшін қызмет ететін билік құру мақсатындағы қызметтер басталып та кетті. Соның бір дәлелі – қала әкімі қызметіне жаңадан тағайындалған Асылбек Шәменов қызметін алдымен тұрғындармен кездесуден бастады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басындағы өңір басшыларымен өткен кеңесте «Әкімдер азаматтармен жұмыс істеу тәртібін қайта қарауы керек, сондай-ақ аудан және ауыл тұрғындарымен жиі кездесіп, оларды мазалаған мәселелерді шешуі, қоғам сенімін арттыруы қажет», – деп тапсырған болатын.

Міне, қазіргі кезде Мемлекет басшысының осы тапсырмасына сәйкес шаһар басшысы ауыл тұрғындарымен кездесіп, мәселелері мен ұсыныстарын тыңдады. Аптаның үшінші күні шаһар басшысы Асылбек Өмірбекұлы Қарауылтөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Жиында ең алдымен атқарылған істер мен тың жобалар туралы арнайы бейнематериал көрсетілді. Содан соң тұрғындарға сөз беріліп, ауыл халқы өз ұсыныстарын, қордаланған мәселелерін айтты.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ ДЕ, ШЕШІМІ ДЕ АЙТЫЛҒАН КЕЗДЕСУ

Ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Досмахан Қарауылтөбедегі ауданы 30 шаршы метр ғана болатын медпункт мәселесін көтерді. «Халық саны өсуде. Ауылдағы медпункт бізге аздық етеді. Негізі амбулатория керек және оның ішінде тұрақты жұмыс істейтін терапевт дәрігер керек», – деді. Одан бөлек ақсақал жол мен жарық, қоғамдық көлікті назарда ұстауды ұсынды. Ауыл мен шаһардың екі ортасына қатынайтын №27 бағыттағы автобус айналмалы жолда жүруге мәжбүр. Ауылдан Қызылжармаға баратын 1,8 шақырым жол асфальтталып, қалған 1,1 шақырым жолда асфальт жоқ. Осы жол жөнделсе ауылдан шыққан маршрут екі бағытқа кетіп, шеткі аумақтағы тұрғындарға да тиімді болмақ.

– Медпунктке байланысты сұрағыңызға тоқталсақ, бұл мәселемен облыстық құрылыс басқармасы айналысады. Қазіргі таңда амбулаторияның жобасын дайындадық. Жоба-сметалық құжаттары бойынша 450 млн қаражатқа амбулатория салынуы керек. Біз барған ауылдарда тұрғындар осы медициналық нысанның мәселесін көтеруде. Айта кетерлігі, негізі елді мекендерге амбулатория салуды денсаулық сақтау басқармасы өз жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Енді біздің міндет – құрылыс басқармасымен жұмыс істеп, мемлекеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың тиімдісін тауып, амбулатория салуға ықпал ету, – деді қала басшысы.

2 БЕТТЕ

КҮТПЕГЕН ДАУЫЛ, ҚИРАҒАН ШАТЫР

Сыр өңірінде өткен сенбі-жексенбі күндері күтпеген дауыл тұрды. Қатты желдің салдарынан Жаңақорған, Шиелі аудандарында мемлекеттік нысандардың шатырлары ұшты.

– Ауа райының қолайсыздығынан Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы бірқатар әлеуметтік нысандардың шатыры ұшып кетті. Атап айтқанда, Шиелідегі 5 мектеп пен 1 колледж, халыққа қызмет көрсету орталығы, Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылындағы әкімдік, Жаманбай ауылдық округі, Бесарық ауылы клубы ғимараттарының шатыры қирады. Сонымен қатар сол аудандарда электр желісі үзіліп, бірнеше елді мекен жарықтан ажыраған. Бүгінде электр желісін қалпына келтіру толық аяқталды. Оқиға орнында арнайы мамандар мен техникалар шұғыл түрде жұмылдырылды. Зардап шеккен азаматтар жоқ. Қазіргі кезде ЖАО комиссия жұмыс істеуде, – деді облыс әкімінің баспасөз орталығында өткен брифинг барысында облыстық ТЖД бастығының орынбасары Саид Молдақараев.

Апат айтып келмейді. Құбылмалы ауа-райына да сенім жоқ. «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының мәліметінше, аймақта 21 мамыр күні ауа райына байланысты дабылды ескерту жарияланды. Облыстың солтүстігі, оңтүстігі және орталығында найзағай, дауыл, шаңды дауыл соқты. Тіпті желдің екпіні 23-28 метр секунд шамасында болды.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАҚ-тың «бағы» еселене ме?

Сонымен қатар Айткүл Жетібайқызы мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істеуде де БАҚ-тың мүддесін қорғайтын заң қажет дейді.

«Қазақстан басылымдары оқырмандарын мекемелерге мәжбүрлеп жаздырумен жинап, бос жерді мемтапсырыспен жабуды үрдіске айналдырған. Иә, «мемтапсырыс» қажет әрі оған билік те мүдделі. Демек басылымдардың еркіндігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырыс беруші мен БАҚ арасындағы келісім шартта БАҚ-тың мүддесін қорғайтын бір заң қарастырылуы керек. Мысалы, «Ол тапсырысты орындай отырып, кемшілікті де көрсетуге, жөнімен сынауға және зерттеу жүргізуге құқы бар» деген сынды жолдар. Сонда ғана мемлекеттік тапсырысты орындауда – журналистер мемтапсырысқа байланған құлдық психологиядан арылар еді. Сондай-ақ оқылмайтын газеттердің басшылығы мекемелерді жағалағанды қойса. Менеджментпен айналыссын. Медиа нарыққа не қажет, не қажет емес, нені ескеру керек, тақырып таңдау, ақпараттарды қозғалысқа түсіріп зерттеу, талдау, сараптамалық журналистиканы жолға қою – басты бағыт, басты міндет болуы тиіс. Күнделікті ақпараттар мен жаңалықтар өзінің жылдамдығымен, динамикасымен ерекшеленсе ұтылмасы анық. Оқырманды тартатын Пулицердің де әдісін қолданып, әдеби, комикстік шығармаларға орын берсе, газетті кәдімгідей оң өзгерістерге бастар еді. Басқа да қызықты жанрларды жандандырса, экономикалық ахуалы күрт өсіп, жақсарар ма еді деген ой бар. Барлық газет стандарт деп айтуға болмайды. Тарихи, әдеби, танымдық материалдарға басымдық берген баспасөзде іркіліс жоқ. Азды кем жазылым сол танымдық-әдеби, тарихи тақырыптардың арқасы. Ең басты проблема – тапсырыс алып, оны орындауда билікті мақтау мен мадақ, салалары кемшіліксіз, жаппай супер басшылар – бұл шындыққа

Басы 1-бетте

жүрміз. Бұл Қазақстанда журналистерді заң жүзінде қорғау механизмінің жоқтығын көрсетеді. Менің ойымша, жаңадан жазылатын «БАҚ туралы» заңға «журналистердің өзінің, отбасы мүшелерінің өмірі заңмен қорғалады» деген бап енгізуіміз керек. Өйткені журналистер де төтенше жағдай саласы қызметкерлерімен бірдей шеру, жер сілкінісі мен өрт секілді қауіпті жерлерде жүріп, басын қатерге тігеді. Бұл жерде адамның жүйкесіне, жүрегіне үлкен салмақ түседі. Кешегі пандемия кезінде өз өмірлеріне төнген қауіпке қарамай, қоғамдық орындардан ақпарат таратқан кім? Әрине, журналистер қауымы. Бірақ олардың міндеттемелері көп, ал құқықтары жоқ! Сондықтан құқықтық, қауіпсіздік, әлеуметтік жағынан кепілдік берілуі тиіс. Бұл үшін журналистерге мәртебе керек, – дейді «Астана ақшамы» республикалық қоғамдық-саяси газетінің шеф-редакторы Төлен Тілеубай.

Журналист өз сөзінде журналистердің мәртебесі мен кепілдігі жоқ екенін алға тартып, елде БАҚ туралы жаңа заң қабылдау керектігінің нақты себептерін ашып айтты. «БАҚ туралы» заңда да, Еңбек кодексінде де ешқандай бап жоқ екенін, заңда тек міндеті ғана жазылғанын сөз етті.

«Заң қабылдау дегеніміз – міндеттеу. Әрине, міндеттеу үшін себеп керек. Бізде БАҚ туралы жаңа заң қабылдауға бірнеше себеп бар. Біріншісі – еліміздегі «БАҚ туралы» заңда және Еңбек кодексінде журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай бап жоқ. Анығырақ айтсақ, «БАҚ туралы» заңның 20-бабындағы 10 құқығы мен 21-бабындағы 5 міндеті ғана жазылған. Еңбек кодексінде мәртебе жөнінде бірауыз сөз жоқ.

Екінші себеп – Қазақстанда журналистердің конституциялық құқықтары жиі бұзылады. Мысалы, бірнеше оппозициялық БАҚ-та жұмыс істеген әріптестерімізді мемлекеттік БАҚ жұмысқа қабылдамайды. Бір өкініштісі, сол жұмыссыз жүрген журналистер газет редакциясына берген өтінішінің екінші данасын сотқа апаруды білмейді. Ал Еңбек кодексінде «Журналистердің еңбек ету құқықтары» деген бөлім жоқ. Тіпті өзінің ұстанымы мен көзқарасы тұрғысынан жұмысынан қуылған журналисті ешқандай заң қорғамайды. Бұл – нонсенс.

Үшіншіден, шетелдегідей қазақстандық журналистердің де жеке өмірі мен жақындарының өміріне қауіп төнеді. Ондай кезде журналисті қорғайтын заңдық негіз тағы жоқ. Сондықтан қабылданатын заңда журналистің этикалық-құқықтық нормаларымен қатар оның жеке басын, отбасы мүшелерін қорғайтын арнайы бап болуы тиіс. Ата заңымыздағы «Адамның өмірі бәрінен қымбат. Ол заңмен қорғалады» деген сөйлемді «БАҚ туралы» заңға да енгізіп, «Журналистердің өмірі заңмен қорғалады» деген баппен толықтыру қажет. Яғни міндеттемесі көп, құқығы мен кепілдіктері жоқ журналиске мәртебе беру керек!» – дейді әлеуметтік ғылымдар магистрі Т.Төлеубай.

Мәселен, көпшілік АҚШ-тағы БАҚ саласын ең еркін және шындықты ашып жазады деп есептейді. Бір қызығы АҚШ-тың бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қатынастарды реттеудің заңнамалық бекітілген жүйесі жоқ. Мысалы, көптеген елде бар «БАҚ туралы заң» Америкада жоқ. Тек бірнеше федералды актілер мен бөлек штат заңдары баспасөздің әртүрлі аспектілеріне әсер етеді.

АҚШ-тың бұқаралық ақпарат құралдары монополияланудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Кей басылымды қоспағанда, АҚШ-тағы барлық газеттер жекеменшік немесе ондаған, тіпті жүздеген газеттерге иелік ететін «Gannett» немесе «McClatchy» секілді ірі компанияларына тиесілі.

Ал БАҚ-тағы цензура конституция деңгейінде тыйым салынған деуге де болады. Тек кей жағдайда ғана цензураға жол беріледі, алайда ол басылымға материал жарыққа шыққаннан кейін. Егер мақала немесе сюжет қандай да бір қауіп төндірсе, ұлтаралық тудыратын немесе көпшіліктің ашуын келтіретін, елге қауіпсіздік төндіретін мақала болса, сотқа жүгіну арқылы ғана цензуралай алады. Одан бөлек Еуроодаққа мүше елдердің көбі ашық саясатты ұстанады. Мұнда биліктегі көп ақпарат қолжетімді, басылым еркін түрде мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің қызметін, олқылықтарын жариялауына мүмкіндік бар.

АҚШ-тағы БАҚ қоғамды ақпараттандырушы, халықтың билік қызметін бақылау мен баға беру құралы ретінде қалыптасқан. Осының кесірінен биліктің БАҚ-ты басқаруын шектейді.

Соңғы жылдары әлемде БАҚ-тың «бағын» арттыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Оның ішінде «төртінші билік» өкілдерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту, заманауи форматтарды пайдалануына ықпал ету, жаңалықты сапалы және жылдам таратуға жағдай жасалуда. Әсіресе мұндай үдеріс батыс елдерінде көп байқалады. Тіпті Австрия үкіметі кең ауқымды саяси пікірді қалыптастыру және басылымдардың кенде қалмауы мақсатында күнделікті басылымдарға арнайы субсидия бөледі. Ал Швецияда таралымы жағынан екінші деңгейлі газеттер қаржыландырылса, солтүстік-еуропалық елдерде билік діни, саяси және қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында жұмыс істейтін басылымдарға қаражат бөледі.

Одан бөлек Францияда белгілі бір бұқаралық ақпарат құралдарын немесе оның акцияларын сатып алуға кей заңнамалық шектеулер орнатқан. Бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік монополиялау да демократиялық «елдерде сөз бостандығының конституциялық құқығын бұзу» ретінде қарастырылып, заңмен қудаланады.

P.S. Қазақстандағы БАҚ туралы заң қай жағынан қараса да өзгертуді талап ететіні анық. Қоғамдық пікірді қалыптастыру, БАҚ-қа деген қызығушылықты арттыру, Президент көздеген «Ашық саясатты» жүзеге асыру үшін журналистер қауымының қызметін оңтайландыру керек. Қаламгерлер қауымы, төртінші билік өкілдері Президент бастамасының жүзеге асуын асыға күтіп жүргені рас. Себебі БАҚ-тың «бағын» еселеу «Жаңа Қазақстанға» қажет-ақ.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

2016 жылы фабрика ерлер жейдесін шығарудан танымал болған еді. Елімізде коронавирус өршіген уақытта тұрғындарды бетпердемен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеді. 8 қабатты, көп ретті пайдалануға жарайтын қорғаныш бетпердесі қолжетімді бағада сатылды. Сондай-ақ оқушыларға арнайы мектеп формасы да осы жерден тігіледі. Ерлер жейдесі қолжетімді бағада 5-7 мың теңге аралығында сатылады. Мектеп формасы 4 жиынтықтан тұрады. Ол 18 мыңнан сатылды.

Мұнда 75 адам жұмыс істейді. Оның ішінде 60 тігінші бар. Ине, жіп ұстауға икемі бар қыз-келіншектерді жұмысқа алуға дайын. «Қалалық жұмыспен қамту орталығы» арқылы келген 3 қыз жұмыс істеуде. Мұнда арнайы 3 шебер бар. Олар тігін машинасына отыруды, қауіпсіздік ережесін, барлығын үйретеді. Инвестициялық жоба арқылы несие алып, екінші цехты іске қосқан. Бүгінде республиканың барлық аймағынан арнайы киімге ұсыныс түскен. Сондықтан да фабриканы кеңейту жоспарда бар. Бүгінде сол тапсырыстарды аяқтау барысында күш салып жұмыс істеуде. Бұл отандық өнімге халықтың ықыласы түсіп отырғанын көрсетеді.

– Өз өнімдерімізді таныстыру мақсатында түрлі көрмеге қатысамыз. Ресейде өткен көрмеге қатыстық, біздің өнім ұнады. Ресей елінен де тапсырыс түсіп, сол бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Нұр-Сұлтан қаласында өтетін ұлттық көрмеде де біздің өнім көрсетіледі. Қазіргі уақытта кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көп көмек берілуде. Дегенмен отандық өнімге қолдау болса, жергілікті өнімді пайдаланса деген ұсыныс бар. Біз халықтың қалтасына қарап, бағаны ыңғайлы түрде қоюға тырысамыз.

Басы 1-бетте

Жейделерді тігетін маталар Түркиядан, арнайы киімдер матасы Ресейден әкелінеді. Сапасы жоғары. Матасы 80% мақта, денеге жұмсақ, ауа өткізгіш. Сапалы екені бірден аңғарылады. Сол үшін де сырттан келетін арзан киімдерге қызықпай, жергілікті отандық өнімге деген сұранысты арттырса, – дейді Нұргүл Кусаева.

ҚАЛАМСАПТЫ ИНЕГЕ АЛМАСТЫРЫП

Жазуда сөзге шеберміз. Істе ше. Өзімді осы тұрғысында сынап көрмек болдым. Әрбір әйел қолына ине ұстай білуі қажет. Тігінші болмасақ та, аз-кем икеміз бар. Бүгінде қыз-келіншектер инемен емес, қандай зат болса да тігін машинасымен тігуді қолға алған.

«Далатекс» фабрикасының хас шебері Перизат Сламбековадан тігін тігуді үйренуді жөн көрдім. Осылайша алғаш рет тігін машинасына отырдым. Мұнда қолдың икемі мен жылдамдық маңызды.

Перизат Сламбекова – тігін цехының жас әрі мықты маманы. Ісмер болып үлгерген ол өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайды. Маталарды пішу, қонымды етіп тіге білуді жаңадан келген тігіншілерге үйретеді.

– Бала кезімнен сән әлемі қызықтыратын. Сол бала арман тігінші болуға жетеледі. Колледжде 3-курс студенті болып жүрген кезімнен тігіншілікке қызықтым. Осы мекемеге «Жас маман» жобасымен келіп, жұмысқа орналастым. Ең алғаш ерлер жейдесін тігуді үйрендім. Қазіргі уақытта тігінші-шебер болдым. Мұнда барлық жағдай жасалған. Төрт жыл ішінде көп жетістікке жеттім деп айта аламын. Жаңадан келген тігіншілерге білгенімді үйретемін. Тігін тігуді үйрену көп уақыт ала қоймайды. Іс-тәжірибеден өтуге келген жас мамандарға да үйретеміз. Үйренген мамандарды жұмысқа алып қаламыз, – дейді ол.

Жазу да, тігін тігу де көз майын тауысатын шығармашыл еңбек екеніне көзім жетті. Арнайы пішілген мата тігіледі, оларды үтіктеп қырын сындырып, жиектеп, түймесін тағып, орап тапсырыс берушіге жіберіледі. Мұның барлығы асқан жауапкершілікпен жасайтын іс. Сырт көз мұның барлығын оңай көруі мүмкін. Алайда «Далатекс» фабрикасында жүріп, қайнаған еңбектің куәсі болдық. Ең бастысы, тігінші болу үшін нәзіктік, төзімділік, жауапкершілік секілді қасиеттің болуы маңызды. Себебі мұнда талап қатаң. Әрине, әр істің өз қызығы мен қиындығы болады. Дегенмен тігінші болу екінің бірінің қолынан келе бермейтініне көзім анық жеткендей.

«Бақыттың кілті еңбекте» дегендей. Тігіншілердің жұмысын жарты күн бақылап, олардың еңбегі шынайы әрі зор екеніне көзім жетті. Күні бойы тапжылмай отырып, он саусағы майысқан тігінші шеберлердің келістіріп тіккен киімдеріне құрметпен қарап, еңбегін бағалау қажет. Байқағанымыз тігінші мамандығы қазіргі уақытта сұранысқа ие екен. Заманның талабына сай киініп жүргіміз келеді. Ал халыққа ұнайтын киімді келістіріп тігу үшін үлкен зейін мен еңбек қажет.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ӘКІМ ЕСЕБІНЕН

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ ДЕ, ШЕШІМІ ДЕ АЙТЫЛҒАН КЕЗДЕСУ

Ал ауылдағы дәрігер мәселесіне байланысты қала әкімі маман тарту мақсатында жұмыс істейтінін айтты. Жарық пен жолға байланысты қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Біржан Далабаев қазіргі кезде жоба дайындалғанын, қаржыландыру үшін министрлікке ұсыныс берілгенін айтты. Мамырдағы облыстық сессияда жол мен жарыққа қаражат бөлініп, конкурс жарияланған. Енді алдағы уақытта мердігер анықталып, жұмыс басталмақ. Маршрутқа арналған 1 шақырымдық жол Қызылорда қаласының аумағына жатады. Қала әкімі бұл ұсынысты қабылдап, алдағы уақытта шешімін табу үшін жұмыс істейтінін жеткізді.

Сонымен қатар жиында ауылға кіреберіс жолдағы каналдың бойында тұратын тұрғындар да өз мәселесін көтерді. Оның ішінде ауыл тұрғыны Шынар Есенова каналдан өтетін жаяу жүргінші көпірі керектігі, жол мәселесі айтылды. Көпірге байланысты ауыл әкімі қазіргі кезде жоба-сметалық құжаттары дайындалып, 3 млн теңгеге конкурс жарияланғанын айтты. Қала әкімі Асылбек Шәменов мұндай мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін, алдымен көпір, содан соң жол мәселелесі қарастырылатын айтты. Ауыз су жүйесін жеткізуге байланысты сол аумаққа су мұнарасын қайта қалпына келтіру туралы айтылды. 8 жыл жұмысы тоқтап қалған мұнараның ұңғымасы дайын, тек тазалау және насос қою қажет. Бұл мәселені шаһар басшысы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы мекемесіне тапсырып, аз уақытта зерттеп, ауыз суды жеткізу туралы ұсыныстарын жеткізу керектігін айтты.

Басы 1-бетте

Күннің екінші жартысында шаһар басшысы Асылбек Шәменов Баймұрат батыр ауылының мәдениет үйінде Ақжарма ауылдық округінің тұрғындарымен жүздесті. Мұнда да ақжармалық Мереке Асанбаева амбулатория мәселесін көтерді. Ауылдағы медпункт 1970 жылы салынған, бүгінде тозығы жеткен нысанда орналасқан. Санитарлық бақылау басқармасы сапасы сын көтермегендіктен медпунктті жарамсыз деп таныған. Бұл мәселені қала әкімі назарда ұстап, алдағы уақытта жауапты мамандармен бірігіп талқылайтынын айтты.

Талдыаралдық тұрғын Серік Сейітназаров бүгінде ауылдың жағдайы жақсарғанын, ауыл жастары футбол мен күрес үйірмесіне барып жүргенін айтты. Оларға қажетті спорт алаңының бүгінде жобасы дайын, енді қаржыландыруды күтуде. Бастаманы ауыл әкімі қолдағанына алғыс айтып, Талдыаралда аяқ су мәселесі барын айтты. Аяқ суға арнайы насос қойылып, су келіп жатқанмен ауыл биікте орналасқан соң су жетпейді екен. Ауыл әкімі бұл мәселеге байланысты екі ауылға аяқ су тарту үшін екі ұңғымаға қаражат бөлінгенін жеткізді. Сонымен қатар ауыл басшысы тұрғындарға жақсы жаңалықты жеткізіп, Талдыаралдағы электр желісін жаңартуға 39 млн теңге қаржы бөлінгенін айтты.

Жиында ауылдағы байланыс жүйесінің мәселесі де қозғалды. Тұрғын Темірхан Жақыпов ауылда ұялы байланыс жүйесі әлсіз екенін, интернетке кіру қиын екенін жеткізді. Қала әкімі бұл мәселені шешуді қолға алатынын жеткізді.

А.БІРКЕНОВ

ТАЛСУАТТЫҚТАРДЫҢ ТАЛАБЫ ҚАНДАЙ?

Елдің даму динамикасы ауыл халқының әл-ауқатын көтеруден басталары анық. Осы ретте қала әкімі Асылбек Шәменов Талсуат ауылдық округінің халқымен кездесті.

Көкейде жүрген сауалын қойып, билік тарапынан нақты жауап алғысы келетін тұрғындар шаһар басшысына нақты мәселелер бойынша уәжін айтты. Атап айтсақ, бүгінде бұл елді мекендегі ең күрделі мәселе аяқ су болып отыр. Дария деңгейінің төмендеуі салдарынан ауыл ішіне, тұрғындардың табыс көзіне айналған бау-бақшаларына аяқ су келмеуде. Бұл жағдайларға байланысты қала әкімдігі жоспар бекітіп, әрбір округке насос алып беруді қолға алды. Сонымен қоса республикада алғашқылардың бірі болып жер асты суын пайдалануды бастады. Қазылған ұңғымалар арқылы енді ауыл ішіне тіршілік нәрі жіберіліп, жасыл желек күтіміне мүмкіндік жасалады.

– Ел ішінде мәселе жоқ емес. Дегенмен қазір біздің балалар үшін қуықтай мектепте білім алу қиынға соғып отыр. Қазір бала саны артты. Сондықтан мектебімізді кеңейтіп берсеңіздер, – деді ауыл тұрғыны Берік Биятов.

Иә, талсуаттықтар осылайша қала әкімінен мектепті кеңейту үшін жапсарлас қосымша құрылыс салуды да сұрады. Бұған олардың салмақты себебі де бар. Өйткені соңғы жылдары бұл елді мекенде тұрғындар саны артып, мектепте оқушыларға орын жетіспеушілігі байқалуда. Нақты айтқанда 2007 жылы пайдалануға берілген 150 орындық білім ұясында бүгінгі күні 400-ге жуық оқушы білім алуда. Қала басшысы аталған мәселені шешу мақсатында тиісті шаралар қабылдайтындығын жеткізді.

– Болашақ – жас ұрпақтың қолында. Сондықтан олардың сапалы білім, жайлы жағдаймен қамтылуы үшін мемлекет барлық жағдайды жасайды. Сіздер сөз қылған бұл мектеп құрылысы – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан алдағы уақытта тиісті шаралар қабылдаймыз, – деді қала әкімі.

А.БАЙ

ЖОЛЖАЗБА

БАРСАКЕЛМЕС САПАРЫ

«БАРСАКЕЛМЕСКЕ» БАРҒАНДА

Күтіп алған жолбасшы Зәуреш апайдың астында жол талғамайтын әйдік джип көлігі бар екен. Өйткені мұнан арғы ойдым-ойдым жолға корейдің тегіс жолға арналған «Кіа»-сы жарамайды. Бұдан арғы сапар – Қаратерең ауылы, сосын Барсакелмес қорығы. Межелі жерге түс ауа жеткендіктен Қаратеренде ас ішіп, аяқ босатып бір түн өтті.

Барсакелмес. Жанболат Аупбайдың келу себебін алдын ала білген Зәуреш Жансұлтанқызы қорық жайлы біраз ақпар берді.

– Мұнда 325 түрлі өсімдік флорасы бар. Мысалы, қандым бұталары, сексеуілдің қалың шоқтары және дала шөптеріне жататын – бұйырғын, жусан, адыраспан, рауғаш, итсигек, сексеуіл секілді сортаң түрлері бар.

Қорықтың жануарлар әлемі де саналуан. Қосмекенділер тобына жататын жасыл құрбақа мен көлбақа мекендейді. Омыртқасыз жәндіктердің 12 тобына жататын 2000-ға жуық түрі болса, тек өрмекші тұқымдастардың 107 түр-тобын кездестіруге болады. Бауырымен жорғалаушылардың – 12 түрі, сонымен қатар 178-ге жуық қанаттылар түрі бар. Қорықта жылдың әр мезгілінде 250 түр құстар кездеседі. Оның 33-і «Қызыл кітапқа» енгізілген. Сонымен қоса Кіші Аралда кездесетін 22 балық түрінің барлығы бар мұнда. Олардың төртеуі «Қызыл кітапқа» енгізілген. Соның бірі – құлан мен қарақұйрық, – деді ол.

Оның айтуынша, бұл қорықтың тарихы 1831 жылы ғалым А.Левшиннің географиялық картаға түсіруімен басталады. Араға біршама жыл салып, 1848 жылы Арал теңізі мен ондағы аралдарды зерттеу лейтенант А.И.Бутаковке жүктеліп, бұл экспедиция екі жыл Барсакелмес аралының пішіні мен көлемін анықтап, рельефіне, топырағына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне сипаттама берді.

Иә, Барсакелместің айналасын қоршаған баяғы айдынды көл қазір кеуіп, сортаңға айналған. Әбден ұсқыны кетіп, құлазыған екен. Тек жұбаныш болып тұрғаны, қорық құрылғалы мұндағы өсімдіктер мен жан-жануарлар қорғалып, саны едәуір артқан. Қорық қазіргі таңда үш кластерлік учаскеден тұрады. Атап айтсақ, Барсакелмес, Қасқақұлан және Сырдарияның Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы Дельта учаскесі. Ал қорықтың жалпы аумағы 163 126 гектарды құрайды.

– Уақытында бұл оқшау аралдағы ауыз су тапшылығы жануарлардың Қасқақұлан, Тоқпан, Ұзынқайыр, Ахат, Бегімана, Төртқопақ аумақтарына ауып кетуіне әкелді. Бүгінде қорықта қалған кәрі-құртаң құланнан тараған тұяқтылардың саны 630 басқа жетті, – деді жолбасшы.

Осы тұста айта кетейік, бүгінде қорықты күзету үшін қорық 8 инспекторлық шолу аймағына бөлінген. Күзет қызметі қорық аумағына жақын орналасқан ауылдық округтерде тұратын мемлекеттік инспекторлардан құралған. Қазіргі таңда қорықты 15 мемлекеттік инспектор қадағалайды.

Жол бойы Барсакелмес жайлы аңыз һәм нақты деректерге құрылған әңгімелер айтылып, ардагер-журналист өзі білгісі келген сұрақтардың жауабын алды. Біраз шақырым жол жүріп, Бутаков мүйісіне жеттік. Жанболат аға 1848-1849 жылдары Арал теңізін зерттеу және картаға түсіру үшін экспедицияны бастап келген ғалым Алексей Бутоковтың құрметіне қойылған темір қазықты суретке түсіріп алды. Өзі де естелік суретке түсті. Бір күн қорықта болып, қажетті ақпаратты алған соң, ат басын Арал қаласына бұрдық.

АРАЛ: 96-ҒА КЕЛГЕН АҚСАҚАЛДЫ ІЗДЕП БАРДЫҚ

Арал қаласы. Түс. Қаладан Сыр бойы халқына аты жақсы таныс, кезінде «Ленин жолы», қазіргі «Сыр бойы» газетінде талай жыл табан аудармай еңбек еткен ардагер-журналист Шәкірат Дәрмағамбетовтің үйін іздеп жүрміз. Әріптесіміз Ержан Қожас тоқсанның төріне шыққан ақсақалдың немересіне хабарласып, үйді Сәбит Мұқанов атындағы көшеден таптық. Ішімнен «Жамбылдың жасына жақындаған қарт кісі ғой. Айтар сөзі түзу болса да, көсіліп көп сөйлей ала ма, шаршап қалмас па екен?» деп қоямын. Хош. Сөйтіп, журналистикаға еңбегі сіңген ақсақалдың шаңырағына бас сұқтық.

Қақпадан еніп, үйге беттей беріп ек, ақсақал есік алдында ойланып отыр екен. Ассалаумағалейкүм, – дестік барған төрт жолаушы оның тым-тырыс тыныштығын бұзып. Басында амандық сұрасқанмен, ашылып әңгіме айтуға құнт танытпағандай көрінді маған. Әйткенмен алыстан келген қонақ Жанболат Аупбай өзін таныстырғанда 96-ға келген ақсақалдың жүзіне қуаныш үйіріле кетті.

– Ақұдай, Жанболат, сенбісің? Сен деген тек қазаққа емес, әлемге танымал легандасың ғой. Сенің әр мақаланды үзбей оқимын, – деп орнынан атып тұрды. Сөздің құдіретін көрмейсіз бе? Содан танысып-білісіп, жөн сұрасқаннан кейін әңгіменің тиегі ағытылып кете барды. Әуелі ақсақалдың қарашаңырақтағы келіні, үлкен ұлы Майбектің келіншегі алдымызға дастархан жайып, ас қойды. Аралдың ақ сазанынан дәм таттық. Содан тоқтамастан 3 сағаттан аса әңгіме өрбіді. Жанболат аға ақсақалды қаламы жүйрік журналист Бауыржан Омардың айтуымен іздеп келгенін айтып, Арал, Барсакелмес жайлы көкейінде жүрген, шамасы күздің басында шығатын мақалаға қажетті бірнеше сұрақ қойды. Шәкірат атамыз кідірмеді, жаңылмады, қажетін айтып, білгенімен бөлісті. Ол кісі көсіле сөйлегенде, әуелгіде ойлаған ойымның қате екенін түсіндім.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Шәкірат атамыз фельетон мен сын мақалаларға жиі қалам тербеген журналист. Уақытында оның қаламынан билік санасқан талай фельетон шыққан. Біз бір ғана бағытын сөз етіп отырмыз. Әйтпесе, ұзынсонар қып жаза беруге болады. Елдің сөзін сөйлеп, адалдықтың ақ туын жықпай өткен қабырғалы қаламгердің жылдар бойғы еселі еңбегі кейін еленді. Ол сексенінші жылдары Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері», кейін Қазақстан Республикасының «Құрмет грамотасын» иеленді. Туған жерде еселі еңбек еткен оған берірек те «Арал ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Бір қызығы, біз бұл жүздесуде ол кісінің мамандығына соншалықты адал екенін аңғардық. Бұлай айтуымызға салмақты себебіміз де бар. Қария бүгінде зейнетке шықса да, қаламын жанына серік етіп, облыстық және аудандық газеттерге әлі де мақала жазып келеді.

Сұхбат барысында бұл кісі де әр мақаласын оқиға орнына барып, көзбен көріп қана жазғандығын айтты. Әңгіме арасында алғашқы фельетон қалай шыққанын да естідік.

– Студенттік кезең. Екінші курста ауылға келдім. Ауылда бір дүкен бар. Сонда дүкенші жеңгеміз болатын. Содан барлық құрдастарым «Әй, сен осы мына жеңгеңді жазшы» деп шулады. Үйден ақша алып барсам, әлгі жеңгем «кет» дейді. «Ау, жеңеше, міне, ақшам бар» десем, «ана шешең келсін. Сен ақшаны бір жерден ұрлап алдың ба?» дейді. Өзі сондай сұлу кісі, бірақ долы адам. Әрі жалынам, бері жалынам болмайды. Содан «Ленин жолына» «Қазаншының еркі бар...» деген тақырыпта фельетон жаздым ғой. Кейін оны өзі оқыпты. Содан бір күні мені көріп қалды да «сенің жазған фельетоныңды көрдім. Енді өзгеремін. Пенделігімізді кейде байқамайды екенбіз» деді. Өзім іштей қуанып қалдым, – деп өткен күндерді күліп, еске алды.

Айтқанынан айтары мол ардагер-журналиспен осылайша 3-4 сағат әңгімелестік. Қайтар уақыт таяған соң ақсақал алыстан келген қонағына шапан жауып, ақ батасын берді. Қол жайып, аумин десіп, ақсақалға саулық тілеп, сыртқа шықтық. Ендігі бағыт – Арал өңірі туралы біраз мәлімет сақталған «Балықшылар музейі».

500-ге жуық сурет пен тарихи жәдігер жинақталған музейге Жанболат ағаның да, менің де алғаш келуіміз. Әріптесіміз Ержан Қожас пен Асқар аға бұрын бірнеше рет мұнда бас сұққан. Музей іші бірнеше бөлікке бөлінген екен. Әрқайсысында қажетті ақпаратты жылдам ұсына қоятын смарт-экрандар орнатылыпты. Бүгінде бұл тарихи музейде 2000-нан аса құнды жәдігер жинақталған. 2012 жылы пайдалануға берілген нысанда 11 маман қызмет атқарады. Бұл жерден еселі еңбегімен ер атанған адамдардың суреттерін, олардың айдынды Аралда бір кездері қолданған қайықтарын, ескі құрал-жабдықтарын бірден байқауға болады. Әсіресе зерттеушілердің кемелері бірден көзге ілінеді.

– Мынау тұрған «Лев Берг» деген үлкен кемеміз институттың зерттеу кемесі болған. Мұнымен теңіздің ащылығын, тұщылығын, тереңдігін зерттеген. Мұражайдағы ең үлкен әрі күрделі кеменің бірі. Жұрт бәрінен бұрын осы кемені тамашалауға құмар. Туристер көбіне Жапония, Оңтүстік Корея, Чехиядан келеді. Оларды теңіздің қалай жоғалып кеткені, қалай тартылып кеткені қызықтырып, теңіздің ұлтанын көргісі келеді. Көріп тұрғандарыңыздай, кеменің іші құнды жәдігерге толы. Мұнда балықшылар өмірінен сыр шертетін екі мыңнан аса экспонат бар. Мұның барлығы ата кәсіптің өткені мен бүгінін паш етеді, – дейді мекеменің ғылыми қызметкері.

Жанболат аға екеуміз бұрын-соңды көрмеген, қажетті деректерді қалта телефонымызға суретке түсіріп, музейден де шықтық. Ендігі бағыт – Қызылорда. Тас жолы, жолсыз жері бар бас-аяғы 4 күндік сапарымыз осымен тәмам. Арал және Жанболат Аупбаймен етене болған бұл сапардың жөні бөлек. Біраз дүние көріп, азды-көп ақпарат алып, көңілге көп нәрсе түйіп қайттық.

Бұл сапардың аты Барсакелмес болғанмен, заты қазіргі қазақ журналистикасының корифейі Жанболат Аупбаймен сүбелі сұхбат құрып, қазақ журналистикасының бүгіні мен болашағы жайлы ой бөлісу, тәжірибе алмасу еді. Біз мақсатымыз бен міндетімізді толықтай орындадық деп ойлаймын. Бұл мақаламызда қарымды қаламгердің табиғи болмысын әлде де ашып көрсетуге болар еді. Бірақ біз филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жанболат ағаның үзеңгілесі, замандасы Намазалы Омашевтан асырып айта алмасымыз анық. Бір мақаласында ол кісі былай деп пікір білдіріпті:

«Бүгінде Жанболат көп болғанымен, Аупбаев – жалғыз деген сөзді қадап айтуға тура келіп тұр. Өйткені бұл фамилия естілгенде көзі қарақты оқырманның елең етпейтіні жоқ.

Оны өзгелерден ерекшелейтін қасиеттер бар. Алғашқысы, мамандығына деген адалдық үлгісі. Мұны мынадай нақты мысалдармен түсіндіріп айтуға болады. Оның алғашқысы әріптесіміздің ат ауыстырып мінбей, 48 жыл бойы тек бір салада жұмыс істеп келе жатуы. Өз мамандығына деген адалдықтың екінші үлгісі – оның осы журналистика саласындағы жұмыс баспалдақтарын асығыс-үсігіс аттап емес, бірін қалдырмай ретімен басып өткені. Редакциядағы әр қызмет, әр лауазымның қыр-сырын үйреніп барып, байыппен жоғарылағаны. Жазуға деген адалдық үлгісі. Мұны бірақ мысалмен айтар едік. Ол әріптесіміздің «Лениншіл жас», «Халық кеңесі», «Егемен Қазақстанда» жұмыс істеген кездерінде бұрын ел көп білмеген, баспасөзімізде жазылмаған тың тақырыптарды тауып, тек сол саламен шұғылданғаны.

Иә, Жанболат өмірдің өзіндей ғып жазудың шебері. Оның еңбектері соны-сымен де құнды. Өйткені онда қоспа жоқ. Таза. Аупбаевтың туындыларын оқып шыққанда мөлдір бұлақтың қәусарына қанғандай болатының, таудың саумал самалын сіміре жұтқандай әсер алатының сондықтан» – дейді Намазалы Омашев.

Жанболат ағаның өзі де бір сұхбатында «Тірі жанға қиянат жасамадым, ешкімге зәбірім тимеді, қарапайымдылығымды қаз қалпында сақтап, мамандығыма адал болдым», – дейді. Рас, аз уақыт ішінде біз бұл кісінің қарапайымдылығымен баурап, қатарыңдай тілдесіп, ағаңдай жол сілтеген риясыз көңіліне, адамдық ұстанымына разы болдық. Бұл сапардың мәнді де, мағыналы болғаны содан болар.

Ақтілек БІТІМБАЙ
Қызылорда – Барсакелмес – Арал – Қызылорда

Соңы. Басы өткен санда.

АНАЛАР РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Елімізде референдум не үшін өтеді? Ата заңға қандай өзгерістер енеді? Мұны қалың бұқара білуі керек. Бүгінде жұртшылықпен өтіп жатқан кездесулер дені осы тақырып аясында өрбуде. Осыған орай түрлі кездесулер ұйымдастырылып, халыққа референдум туралы кеңінен түсіндірілуде.

Қаладағы «Достық» үйінде Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен басқосу өтті. Жиынға республикалық іскер әйелдер қауымдастығының президенті, профессор, социология ғылымдарының докторы Раушан Сәрсембаева қатысты. Шара барысында «Әжелер» және «Сударушки» ансамбльдерінің мүшелері әннен шашу шашты. Сондай-ақ кездесуге келгендер «Суреттер сыр шертеді» тақырыбындағы фотокөрмемен танысты.

Кездесуді өңірлік Аналар кеңесінің төрайымы Рахима Ахметова ашып, жүргізді. Ол ел тағдырын айқындайтын маңызды кезеңге халық болып жұмылуға шақырды. Мұнан соң «Славяне» этно мәдени бірлестігінің белсендісі Никита Мясцовтың орындауына «Родина моя» әні шырқалды.

Басқосуда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберлиев, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы, облыстық мәслихат депутаты Сәрсенкүл Бихожа, Абылай хан атындағы №140 қазақ мектебінің директоры, қалалық мәслихат депутаты Айгүл Мұсабаева, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Ирина Шек, Ж.Нұрманов атындағы №198 мектеп директоры, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Анжела Садықбекова, Қызылорда облысының «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің өңірлік өкілдігінің төрайымы Елена Пак Ата заңға енгізіліп жатқан өзгерістер төңірегінде ой бөлісіп, пікір алмасты. Олар референдумның маңызын, әр баптың өзгерісіне жеке-жеке тоқталды. Атап айтқанда, суперпрезиденттік басқару формасынан түпкілікті бас тарту, Президент туыстарының квазимемлекеттік сектор мен мемлекеттік қызметте басшылыққа тағайындалмайтындығы жөніндегі өзгертулерге кеңінен тоқталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚЫЗЫЛӨЗЕКТЕГІ «ҚОЖАҚ» КӨПІРІ ЖӨНДЕЛЕДІ

Шаһар басшысы Асылбек Шәменовтің кезекті сапары Қызылөзек ауылдық округінде жалғасты. Ауыл халқы өздерімен алғаш жүздескен әкімге сауалдарын жолдап, түйіні шешілмей келе жатқан түйткілді мәселелер бойынша ұсыныстарын жеткізді.

– Ауылға кіреберісте «Қожақ» көпірі бар. Қазір 7-8 жылдың көлемі болды. Бетондары жарылып, сыр беріп тұр. Бұл жерден жеңіл көліктен бөлек, ауыр жүк көліктері өтеді. Бұл күнделікті күйбең тірлігімен жолда жүретін ауыл тұрғындары үшін өзекті әрі қауіпті болып тұр. Осы көпірді жөндеп берсеңіздер дейміз. Бұған дейін бірнеше әкім бұны көзбен көріп, шара қолданатынын айтқанымен, ешқайсысы уәделі сөзін орындамады, – деді Қызылөзек ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қарақұл Дармолдаев.

Қызылөзектіктерді қызыл кеңірдек қылған жалғыз бұл мәселе емес. Ауыл халқы дәл жанынан өтетін көгілдір отынның игілігін көре алмай отырғанына наразы.

– Бізден он-ақ минуттық жерде Сырдария ауданынан Тереңөзекке қарай өтіп бара жатқан газ құбыры бар. Мына жағымызда 12 шақырым жерде Талсуатқа қарай екінші құбыр өтіп бара жатыр. Біз сол екі ортада отырмыз. Шешелеріміз қартайса да әлі күнге отын жағып, күл шығарып жүр. Осы газ құбырының жүргізіп басталғаннан бері 15 жыл уақыт өтті. Көгілдір отынның игілігін қашан көреміз, – деді күйінген ауыл тұрғыны Мейрамбек Ұлтанбекұлы.

Бұған қала әкімі нақты жауап беріп, бұл бағытта жұмыстар жүргізілетінінен хабардар етті.

– Біз бұл мәселені бұған дейін зерттедік. Мәселе былай. Облыста газ схемасы бойынша жоспар бекітіледі. Бір уақытта барлық елді мекенді газбен қамту мүмкін емес. Мен әуелі мұнда қай уақытта газ жүргізу жұмысы жоспарланғанын қарайын. Сосын сол бойынша нақты жоспар құрып, жұмыс істейтін боламыз, – деді қала әкімі.

Тағы бір мәселе, ауылдағы Жамбыл Жабаев көшесі осыдан біршама уақыт бұрын жартылай жарықтандырылып, жартысы аяқсыз қалған. Ауыл халқы енді қалған түнгі жарық бағаналарын орнатып берсе деген талап-тілегін жеткізді.

– Ауылда қаншама халық тұрады. Олардың оқушы балалары бар. Ал көшеде қаңғыбас ит көп. Түнде жүре алмайды. Әсіресе қыз мезгілінде қиын. Осы мәселені біржақты етіп шешіп берсеңіз, – деді ауыл тұрғыны Қарақұл Жайықұлы.

Келелі кездесуде ауыл халқын толғандырған тағы осындай бірнеше мәселе көтерілді. Оның ішінде тұрғындардың табыс көзіне айналған бау-бақшаға аяқ су жеткізу және су тартуға арналған жаңа су сорғы насостарын алу сынды мәселелер сөз болды. Қала әкімінің сөзінше, Қызылөзектегі «Қожақ» көпірін қайта салуға жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, қаржысы сұралды. Бюджеттік өтінім мақұлданса, көпір құрылысы басталмақ.

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылөзек ауылдық округі әкімі лауазымына үміткерлердің сайлаушылармен кездесуінің кестесі.

№	Үміткердің аты-жөні	Өтетін уақыты	Өтетін орны
	ӘБДІЖАППАР Сәкен Нысанұлы	2022 жылғы 25 мамыр сағат: 10.00	Қараөзек ауылдық клубы *(Абылай хан көшесі №30)*
	БАЙКЕНОВ Айдос Мұратбекұлы	2022 жылғы 26 мамыр сағат: 10.00	Қараөзек ауылдық клубы *(Абылай хан көшесі №30)*
	ТНЫШТЫҚБАЙ Айдын Маратұлы	2022 жылғы 26 мамыр сағат: 15.00	Қараөзек ауылдық клубы *(Абылай хан көшесі №30)*

Қызылорда қаласының әкімдігі, қалалық сайлау комиссиясы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

График встреч кандидатов на должность акима сельского округа Кызылозек с избирателями.

№	Ф. И. О. кандидата	Время проведения	Место проведения
	АБДИЖАППАР Сакен Нысанович	25 мая 2022 года время: 10.00	Сельский клуб Караозек *(Улица Абылай хана №30)*
	БАЙКЕНОВ Айдос Муратбекович	26 мая 2022 года время: 10.00	Сельский клуб Караозек *(Улица Абылай хана №30)*
	ТНЫШТЫКБАЙ Айдын Маратович	26 мая 2022 года время: 15.00	Сельский клуб Караозек *(Улица Абылай хана №30)*

Акимат города Кызылорды, городская избирательная комиссия

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

АЛЫП КЕП БІР ИІСКЕТШІ НЕМЕРЕМДІ...



Раушан апа кешкі уақытта біздің үйге тағы келді. Күндегі әдеті сол. Теледидар көреді. Үйдегі үлкен кісілермен еменжарқын әңгіме айтып кетеді. «Өз балаларың өзегіңнен тепсе, жетімнің күйін кешесің» деген рас екен. Туған қызының «үйінде жатса қайтеді, қайта-қайта келе бермей» дегенін талай естігенмін. Анасы емес п? Неге қатты сөйлейді деп іштей ойлап қоямын. Дегенмен, ұлы мен келіні жақтырмаған кейуана қыздың үйіне қалай сыяды?

Раушан апа үш қыз, үш ұлды дүниеге әкелген. Құдай қосқан жан-жары ертерек дүние салды. Жалғызбасты ана алты баласын әлпештеп өсірді. Ал олардан ешбір рахат көріп отырған жоқ. Олардың қабағы қатулы. «Үйіме неге келдің,» деп қарсы алады.

Отбасы жылуы… Бұл ұғымда қаншама мағына, қанша сезім бар. Ол осы жылуды бауыр еті балаларынан сезіне алмағанына іштей күйінеді, жүрегі қан жылайды. Жасы 60-тан асқанда «балаларыма сыймай сергелдеңге түсемін» деген ой Раушан әжейдің үш ұйықтаса да түсіне кірмеген шығар... Бұл сезімді ол кісіге бір қарағаннан байқауға болады.

– «Күн батпаймын дегенге кеш қоймайды» дейді. Алла өмір берсе, қартаймайтын ешкім жоқ. Балаларым да осы жасқа келер. Сол кезде түсінер, бәлкім. Бірақ олардың жылағанын көргім келмейді. Жақсы тәрбие бере алмадым ба деп те өкінемін. Ұлдарымның үйіне барсам, «анам келді» деп қуанғанын көрмеймін. Немерелерімді алшақтатады. Тәп-тәтті балғындардың бетінен сүйіп, емірене алмағаным жаныма батады. Қартайғанда көргенім осы болды. «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын». Бар уайым жанымды жегідей жеп барады, – деп кемсеңдеді шарасыз қария.

Қай-қайсымыз да қартаямыз. Ол – өмір заңы ғой, оны ешкім де аттап өте алмайды. Алайда төрінен көрі жақын қалған кезеңде өзіннің бауыр етінен жаралған қайырымсыз ұл мен қатігез қыздың қара ниетін көріп жүрген қарияның жағдайы алаңдатады. «Қолда бар ата-анамыздың қадірін түсінсек қой» деген ой сананы сыздатады.

Өнегелі елдің ұрпағы қазынасын күн сайын құрметтейді. «Ата-анаң жынды болса байлап бақ» деген сөз бар. Еліміздің тарихында әке-шешесін қарттар үйіне, далаға тастау деген әсте жоқ еді. Қазіргі таңда «Қарттар үйі, жетімдер үйі бар, соларға қамқорлық етіп жатырмыз» деп мәз боламыз. Бұл – біздің мақтанышымыз емес, құлдырауымыздың белгісі. Осыны бүгінгі заманның ұрпақтары түсінуі қажет. Халқымызда: «Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады» деген қанатты сөз бар. Сондықтан кез келген қазақ шаңырағындағы ата-ана өз баласын үлкендерді сыйлауға тәрбиелегені жөн болар. Анаға құрмет көрсетудің әсте еш сөкеттігі жоқ.

Отбасы

«Бар жақсылық балаларға!» Бұл сөз әлі күнге дейін мәнін жойған жоқ. Болашағымыз – балаларға ілгерілі-кейінді жақсылық жасау ұмыт қалған емес. Дегенмен көңіл түсіретін мәселелер де шаш етектен. Бала құқығының табанға тапталатын кезі де аз емес.

Әлеуметтік желіде ашсақ, балаларды ұрып-соғу жөнінде ақпараттан көз алмаймыз. Тіпті жаңа туған сәбиге де ата-анасы қорлық жасап, көшеге тастап кеткенін естіп жүрміз. Қоғамда адамдар неге қатыгез болып барады? Осы сұрақ көптің көкейінде жүр. Балалар жылында балғындарды қорғаймыз деп шешім қабылдағанмен, қорлап жүрген жоқпыз ба?

Рас, бүгінде ата-ана тарапынан зорлық көретін бала да бар. Бұрын да «таяқ та жедік, айқай да естідік» дейді кей кісілер. Ал мамандар бүгінгі бала басқаша деген пікірді айтады. Қалай болғанмен де бала тәрбиесі көпшілікті ойландыру тиіс. Балаға зорлық-зомбылық көрсеткен жанның жазасы қатаң болуы керек. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында көтерген болатын. Мемлекет басшысы онда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайту қажеттігін айтқан еді. Әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайтуды тапсырған болатын.

ӘЛЕМЖЕТТІК ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ЕМЕС

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан зорлық-зомбылық әрекеттері бізді қатты толғандыруы тиіс. Себебі әрбір ата-ана баланың өсіп-өнуіне, тәрбиесіне жауапты. «Баланың теріс қылықтары отбасындағы зорлық-зомбылықты көріп өскеннен басталады», – дейді мамандар. Көбіне тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны әйелдер мен балалар болатыны белгілі. Ал мұндай жағдай балаға кері әсерін тигізіп отыр.

Күн сайын қатыгездіктің, зорлық-зомбылықтың күшейіп, жағдайдың ушығып бара жатқанын көз көріп, құлақ естіп отыр. Отбасылық ұрыс-керіс, адамдардың бір-біріне қастандық жасауы азаймай тұр. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық болғанымызбен қатыгездік қаптап барады. Үлгілі отбасын құру, жібі түзу жан болу адамның өз қолында емес пе? Олай болса бір-бірімізге қорлық көрсетуге неге асықпыз. Әсіресе, бала мен әйелге.

– «Қамқорлық» дағдарыс орталығына аналар отбасылық, тұрмыстық кикілжіңнен, зорлық-зомбылықтан күйзеліске ұшырап, тығырыққа тірелген соң келеді. Күнделікті күйбең тірліктен де әйелдің жүйкесі сыр береді. Күйзелістегі адам ішіндегі ашу-ызасын, ренішін бірінші кезекте өзінің жақындарынан алады. Сол себепті көптеген аналар балаларына жекіп сөйлеп, қол көтеріп, баласын өзіне бағындырады. Ұрып-соғуды тәрбие құралына айналдырып алған. Соның салдарынан балаға деген махаббат пен сенім жоғалады. Бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі осындай жағдайдан туындап отыр. Күйеуіне, отбасына, қоғамға деген ренішін баланы ұрып-соғып ақысын алады. Тіпті баланы өзінің нан тауып жейтін, өмір сүру құралы етіп санайтын аналар кездеседі. Көпбалалы ана болғанмен, бір баласына да дұрыс тәрбие бере алмайтындар бар. Сондықтан да бұл тақырып өте жақсы қозғалып отыр. Өз баласын қалай тәрбиелеу керектігін түсіндіретін жайттар да кездеседі. Себебі олар балаға махаббатпен тәрбие берудің құнды екенін түсінбейді, – дейді «Қамқорлық» дағдарыс орталығының заңгер-маманы Жанар Алтынбасова.

Отбасындағы берекені кетіріп, балаға мән бермей жүрген кісілермен осы орталық мамандары жұмыс жасайды. Баласын ұрып-соғып көндіретін аналар алдымен психологтың кеңесіне жүгініп, түсіндіру жұмыстары жасалады. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес баланың құқықтары, ата-ананың міндеті түсіндіріледі.

Зерттеуге сүйенсек, Қазақстанда ересектердің 75% балаларды тәртіпке салу үшін күш көрсетуге болатынын қолдайды. Көбіне ересектер бұл да зорлық-зомбылықтың түрі екенін түсіне бермейді. Біле білгенге бұл – әлімжеттіктің ең сорақы түрі. Ал әлімжеттік тығырықтан шығармайтынын бәріміз білеміз. Біле тұра осы қадамға баратындар аз емес Мұндай жағдай балаға өмір бойы зиян келтіреді. Сонымен қатар балалық шағында зорлық-зомбылықты бастан кешкен балалардың денсаулығы нашар болып және өзін-өзі бағаламайды екен. Ал зорлық-зомбылықсыз тәрбиеленген балалар ересек өмірде табысты, сенімді және бақытты адам болу мүмкіндігіне көбірек ие. Ғалымдар зорлық-зомбылықтың салдары қатерлі ісік, диабет, депрессия және тағы да басқа ауруларға әкелуі мүмкін екенін айтады. .

– Баланы мүлдем ұрып тәрбиелеуге болмайды. Баланы ұру уақытша ғана қысқа мерзімдегі тиімді шешім. Бірақ одан кейінгі салдары ата-ана үшін де, қоғам үшін де ауыр. Біріншіден, ол бала өзіне сенімсіз, қорқақ болып өссе, екіншіден агрессивті, ашушаң, ренжігіш болады. Сондықтан балаға мейлінше қол көтермеген жөн. Көп жағдайда балаға қол көтеріп, ашулануы шарасыздықтың көрінісі. Себебі баланың кейбір әрекеттеріне қалай реакция көрсететінін білмей жатады. Сол себепті ата-аналарды бала тәрбиесіне барынша жауапты болуға шақырамын. Ата-ана парызы тек баланы дүниеге әкелу емес, сонымен қатар жақсы тәлім-тәрбие беру. Зорлық-зомбылық пен қатыгездік көріністері бар фильмдер мен телебағдарламаларды қарамағанын қадағалаңыз. Балаға тиімді ізгі ниетті мінез-құлықтың үлгісі болыңыз. Оның көзінше ашу-ыза, ашулану, қорлау, ренжіткендерден кек алу туралы сөзге жол бермеңіз, – дейді педагог-психолог Гүлзат Маратқызы.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бала отбасында қандай тәрбие алса, болашақ өмірі де солай жалғасады. Дұрыс тәрбиесі бар адамдар зорлық-зомбылықсыз әлемді құрады. Сонымен қатар қасындағы адамдарға адами қасиеттерді үйрете алатын жақсы қасиеті пайда болады. Дүниеде зорлық-зомбылық болмаса адам өмірі, адамзат дүниесі сұлу де әсем болар еді. Өз әлемімізді әсемдікпен толтырсақ әлем де әдемілене түсетінін ұмытпайық.

ОЙТАРАЗЫ

ӘКЕ ҚАДІРІ

Әке – бұл сөз кім-кімге болса да жақын, жүрекке жылы тиетін сөз. Үш әріптен тұрса да ол кісінің бала үшін орны әрқашан биік, жоғары. Қашанда әке – асқар тау, оның отбасындағы орны бөлек. Ол сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтерді. Әке – бала үшін асқар тау. Ол – отбасы мүшелерінің қамқоры.

Анамның бала кездегі «Әкеңнен сұран, әкең біледі» деп айтқан сөздері әлі құлағымнан кетпейді. Біздің отбасында тек қана әкеміз шешім қабылдайтын. Тіпті құрбыларымызбен кешке қарай концертке баратын болсақ, сол кісіден сұранатынбыз. Сұрануға да батылымыз бармай, үйдегі екі інім, бір әпкем төртеуіміз қаз-қатар отырамыз. Кішкентай інім біздің ойымызды жеткізеді. Түсіне білгенге бұл – қорқу емес, сыйлау.

Әлі есімде, облыстық басылымның бірінде балалар әкесін «папа» деп айтатыны туралы мәселе көтерілді. Сол мақаланы оқыған папамыз «әке» деуді талап етті. Сыныпқа барсақ, олардың бәрі «папа» дейді, «біз неге әке дейміз» деп анама ашуланатын едім. Үйге келгенде ғана «әке» деп, мектепке, сыртқа шыққанда «папамыз» деп жүретінбіз. Бұл бәлкім, балалығымыз шығар...

Асқар таудай жанның арқасында оқыдық, тоқыдық, отбасын құрдық. Қазіргі таңда төртбаланы тәрбиелеп, олардың жауапкершілігін арқалап отырған анамын. Осы орайда, балаларыма әкені сыйлауды, оны құрметтеп отыруға мән беріп келемін.

Бүгінде әке қадірінің тым төмендеп кеткені жайында әңгімені құлағымыз жиі шалады. Кейбір балалар ол сөздің мәні мен өзі үшін орны қаншалықты зор екенін түсінбей жүр. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары біздер үшін ауыр тиді. Өтпелі кезеңде қазақ отбасына шеттен енген текті-тексіз мәдениет қоса жетті. Ұлттық құндылықтың осылайша қаймағы бұзылды. Сондай-ақ ер-азаматтардың арасында отбасының иесі, асыраушысы бола алмай жүргендер көбейді. Тұрмыс тауқыметінің салдарынан түрлі себеппен баладан жырақтап қалғандар кездесті. Сәби мейірден ажырап, өз тамырынан үзілген гүлге ұқсас ұрпақ тәрбиелей бастадық. Сол үшін де бұл мәселеге алаңдатушылық танытып, тәрбие тізгінін дұрыстағанымыз абзал. Қайткенде де оның артында қазақ ұрпағының болашағы тұр.

Абайтанушы Омар Жәлел дәстүрлі тәрбиеде бала анасынан мейірімділік пен даналықты сіңірсе, әкесінен өжеттік, батылдық сияқты қасиеттерді бойына дарытып өскенін айтады.

– «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бірауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын қазақ атамыз сыйғыза білген. Асқар тауының тәрбиесін көріп асыл қасиеттерді бойына сіңіріп өскен ұрпақ ешқандай жаман әдетке бармайды. Ал ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды. Дәл қазіргі таңда үйдегі әйеліне сөзін өткізе алмайтын күйеудің жігерсіздігінен балалары жасқаншақ, шешім қабылдай алмайтын ұрпақ өсіп келеді. Әке беделінен айырылып, жүзі кеткен пышақ секілді болып барады, – дейді ол.

Осыдан кейін «Отбасындағы ер адамның рөлі қандай? Шаңырақтың тұрақтылығы мен берік қорғанысының кепілі – әке өз міндетін мүлтіксіз атқарып жүр ме?» деген сұрақтар санаға келеді. Қазіргі уақытта жұмыссыздық белең алып, оның ар жағы үй ішіндегі кикілжіңге, ұрыс-керіске, дау-жанжалдың ушығуына апарып соғуда. Тіпті әйелдер отбасының жүгін бір өзі көтеріп, нәзік иығымен қоғамдық, әлеуметтік қиындықтардың ауыр жүгін арқалайды. Уақытша жұмыссыздықтың белең алуы ер адамның қадірін қашыруға себеп болуда. Көп нәрсе отбасында алған тәрбиеге тікелей байланысты. Мәселен, қазір шаңырақтардың көбінде әйелдердің үстемдігі байқалады. Кей үйлерде тіпті отағасыға деген құрмет те аз. Мұның себептері санқилы еркек не жұмыссыз, не табысы мардымсыз. Қалай десек те, отбасындағы тізгінге ие бола алмай жүрген ер-заматтар аз емес. Ал үйде осындай «тәрбие» көріп өскен, әкесін адам деп санамайтын, шешесінің айтқанына ғана құлақ асатын ұлдан ертең жігерлі жігіт, айбынды азамат шығады дегенге қалай сенесіз? Сол үшін де отбасылық тәрбиені қайта қалпына келтіруіміз, әулеттегі әке рөлін, ер-азамат бағасын орнықтыруымыз қажет-ақ.

Отбасылық құндылықтарды жоғары бағалайтын біздің дәстүрімізде әке мен ананың, баланың қарым-қатынасына қатысты мәселелер аса өзекті. Себебі өскелең ұрпақ тәрбиесінде әкенің ықпалы зор.

Кейбір отбасылардағы әйелдердің өктемдігін көріп, өзіннен өзін қысыласың. Біздің салтқа мүлдем жараспайтын қылық. Ата-бабамыз «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» деп еркек кіндіктілерді ерекше бағалаған, құрмет тұтқан. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтаған.

Дана әйелдер балаларына кез келген жағдайда «әкең біледі» деп отырады. «Әкең келе жатыр, үйді дұрыстап қойындар, алдынан шай қайнап тұрсын» деп қыздарын үйретеді. Егер әйел ерінің беделін осылай көтермелеп отырса, балалар да отағасына құрметпен қарайды. Әйел – үйдің қазығы, ер кісі – іргетасы дейтініміз осыдан. Сіз үйдегі әке құрметін қалай арттырып жүрсіз?

– Әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше, отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, қамқоршысы. Ол кісі мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Әке балаға жолдас әрі сырлас болу керек. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен ақылдасады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуында, қоғамдағы өз орнын дұрыс таба білуінде сол кісінің атқаратын еңбегі ерекше. Ал дұрыс тәрбие алған бала қоғамға пайдасын тигізетін азамат болып өседі. Беделсіз ер азаматтың шаңырағы берекесіз. Сондықтан да әкені құрметтете білу арқылы, текті ұрпақты тәрбиелеп шығаруға болады. Бала әкесімен мақтануы тиіс. Бала ата-ананы таңдамайды. Сондықтан ол қандай болса да сый-құрмет көрсетуге лайықты, – деді төрт баланың анасы Нұргүл Сыздықова.

Осы орайда, ер-азаматтың пікірі қандай? Бүгінде төрт бала тәрбиелеп отырған Серікжан Жүнісбаев ол жайында ойын былайша білдірді.

– Расында, бұл – қоғамдағы өзекті мәселе. Бала мен әке арасындағы тәрбие әрбірімізді алаңдатуы тиіс. Себебі онда бүкіл ұрпағымыздың болашағы тұр. Бала күнімізде әкеміздің сұсты қабағын көрсек, үндемейтінбіз. Бүгінде сәбилердің еркелігі басым ба, отағасылар әйелдерін еркінсітіп жіберген бе? Үйдегі тәрбиенің кімнің қолында екені белгісіз. Бұл – бүгінгі көріністің шындығы. Баланың тәрбиесімен шеше айналысады. Яғни ананың айтқан сөзі балаға берік, қа¬ғылған қазықтай әсер етеді, – деді ол.

«Қазір әкелерің келеді! Әкеңнің киімін жоғары қой, әкең келген соң тамақ ішеміз. Әкең ренжиді, Әкеңнен сұран!» – деген сөздерді жиі айтуы арқылы бала санасына әкеге деген ерекше құрмет пен сыйластықты арттырмақ. Сол адамнан қаймығып, керек кезде оның көзқарас, қабағынан тайсалып өскен бала ертең үлкенді сыйлай алатын тәрбиелі, салмақты болып өседі.

Демек бұл – бала тәрбиесіндегі ең ұтымды тәсілдің бірі. Ана осы арқылы болашақ ер-азаматты, оттың егесі болар ірі тұлғаны қалыптастырып шығарады.



Бетті дайындаған
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4261 Тапсырыс №819

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ